


«Ұрпағың үзілмесін, шырағың сөнбесін» дейді ғой. Ұрпақтан ұрпақ жалғасып, ортақ ошақ отының өшпеуі – кімнің де болсын көңіл төріндегі арманы. Алайда, кей кездері тұтас отбасыларын ойран етіп, өзекті өртер оқиғалар қасіреті де бар. Соңғы жаһандық соғыста екі ұлының, кейіннен шахтадағы апатта тағы бір боздағының опат болуы салдарынан Әбдір қарттың қара шаңырағы қаусап қала жаздаған еді...



БАТЫР АТАСЫ ЕРЛІК ЖАСАҒАН КҮНІ ТУҒАН



Алайда, солардан қалған ұрпақ өрбіп, Нұркен Әбдіровтей ердің ері шыққан әулет бүгінгі күні қанат жайып келеді. Маңдайына 23-ақ жас ғұмыр жазылған батырға өз кіндігінен ұрпақ көру бақыты бұйырмаса да, бүгін ортамызда жүргендер бір қаннан жаратылған тұяқ – үшінші буынның жалғасы. Соның бірінің туған күні Нұркен атасы ерлік жасаған тарихи күнмен тұспа-тұс болуы ерекше нышанға ұқсайды.

Кезінде көмір өндірісіне талай майталман маманды даярлауымен атағы дәуірлеген Қарағанды тау-кен техникумы – бүгінгі политехникалық колледждің директоры Зекең Рахимовпен әңгімелесу сәтінде шамамен төрт-бес жасар бір балақан кіріп келді. Өлгіңде ғана салмақты күйде отырған Зекең әп-сәтте өзгеріп, еріп сала берді. Баланы құшағына алып, маңдайынан иіскеп, әңгімеге тартты:

- Кімнің баласысың?
- Аталар баласымын.

– Аталарың кімдер?
– Әбдір, Сәрсен, Сәдірбек, Нұркен!
Құлақ елең ете қалды. Балақанның балғын тілмен берген жауабы қызықтырды.

– Батыр ағамыздың кіші шөбересі бұл. Маған туған жиен – бауыздау құдам Әукеңнің немересі, – деп таныстырды.

Әукең – Әбубәкір Әбдіров алыс-жақынға белгілі кісі. Әсіресе, қарағандылықтардың көбі жақсы біледі. Ұзақ жыл қоғамдық тәртіпті сақтау, тыныштықты қорғау жолындағы жұмысты жұмылдырған адам. Қаланың беймазалау аймағы Майқұдықты көзге қораш етпеуге сіңірген еңбегі ел есінде. Кеудесі марапат белгілерге толы, полковник шенінде жетпістің жотасына шыққалы отырған ардақты азамат.

Ең бастысы, батырдың етбауыр інісі тұрғысында жұрт көңіліне одан сайын жылы. Даңқты ағасына шексіз құрметімен, қастерін асыруға ыстық ынта-ықыласымен сүйінішті жан.

«Су сүзілмейді, сүйек үзілмейді» деген осы шығар-ау. Бір байқағаннан батылдығы, зеректігі сүйкімді әлгі Дәулет есімді ботақан Әбдір әкесі қара шаңырағын сақтап қалған Сәрсенінен тамыр жайған бұтақ екен. Майданға бойдақ аттанып, ерлікпен қаза тапқан қос інісінің үлкені – осы кісіден өрбіген Әбубәкірдің Даниярының отбасында дүниеге келіпті. Қай әулет үшін де ер баланың орны – бір басқа. Әукең – әкеден жалғыз ұл, өзінен екі ұл болса, екеуінен атұстар немерелер сүю жазыпты. Кішісі – әлгі саңқылдаған жеткіншек. Және бір ғажабы, Нұркен атасының әйгілі ерлігін жасаған күнге тұспа-тұс туған. 1942 жылы, 19 желтоқсанда Сталинград майданы шөбіне ентелеген танктерді жою үшін әуеге көтеріліп, тапсырманы орындау кезінде снаряд тиіп, жалын шарпыған ұшағын жау күші шоғырланған тұсқа бағыттап, қаһармандықпен қаза тапқан болатын батыр. Сәйкестік пе, Жаратушы ие жазуы ма! Қыршын кеткен қыран аруағын жаңғыртуға Алла Тағала ықыласы түсуі ме дейсің...

– Мен әкем Сәрсен 49 жасында өзі еңбек ететін шахтадағы апатта опат болған соң, Нұркеннің анасы Бажан әженің бауырында өстім. Ағалы-інілі үшеуден қалған жалғыз тұқым екенімді айтып, қара шаңырақтың амандығын, ұрпақты болуымды тілейтін жарықтық. Бүгінде ақ тілеуін бізге беріп, әулетіміз кеңейді. Адам өзінің соңынан ерген ұрпаққа қарап көңіл жұбатып, ошақ оты өшпеуіне үміт етеді ғой. Даниярыма тиген қара шаңырақ шырағын Дәулетім де жарқыратар деп тәубе етемін іштей, – дейді Әукең.

Биыл Нұркен батырдың туғанына 100 жыл толады. Үзілмеген ұрпақ, сөнбеген шырақ бар. Демек, батыр рухы жасай береді.

АЙҒЫН НЕСІПБАЙ.

ҚАРАҒАНДЫ қаласы.